"5 жастан 15 жасқа дейінгі балалардың 1 типтегі кант диабетін емдеуге инсулиннің үздіксіз теріасты инфузиясының жүйесін пайдалану жөніндегі жобаны енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 3 қарашадағы № 783 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 9 шілдедегі № 383 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. «5 жастан 15 жасқа дейінгі балалардың 1 типтегі қант диабетін емдеуге инсулиннің үздіксіз теріасты инфузиясының жүйесін пайдалану жөніндегі жобаны енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 3 қарашадағы № 783 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7335 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 2012 жылы қаңтарда № 1, 422-құжат жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметті ұйымдастыру департамент! (Төлеғалиева А,Ғ.) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы *Б. Төкежанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК